



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

**ҚАЗАҚСТАН МЕН ӘЛЕМНІҢ ІРІ ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА
ГЕОСАЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ МҰНАЙ-ГАЗ ФАКТОРЫ**

Мейрамғалиев Роман Серикбайұлы

meiramgaliev.roman@mail.ru

«География» мамандығы бойынша Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты

Сембаева Аяжан Аргыновна

«География» мамандығы бойынша Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты

Ғылыми жетекші – Сапаров Қуат Табылдыұлы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ жаратылыстану ғылымдары факультетінің «Физическалық және экономикалық география» кафедрасының меңгерушісі,
география ғылымдарының докторы, профессор

Аннотация. Мақалада Қазақстан мұнай-газ кен орындарының әлемдік ірі энергетика тұтынушыларының экономикада мен энергетикалық қауіпсіздіктегі рөлі мен маңызы талқыланады. Мұнай-газ саласының әлеуетіне байланысты Қазақстан Республикасындағы саланың өнімдерін қажет ететін елдердің мүдделері қарастырылады.

Кілт сөздер: геосаясат, ұлттық мүдде, энергетикалық қауіпсіздік, мұнай, газ.

Жаңа заманда экономика және саясат бір-бірімен ұштасып, діни, конфессиялық және ұлттық мәселелер екінші реттік рөлдерге ие болды. Дүние жүзі көпполярлы геосаяси құрылымға көшіп, аймақтық геосаяси орталықтар мен қауымдастықтардан құралатын болды. Бүгінде кез-келген елдің қуатын экономикасы мен геосаяси әлеуеті анықтап отыр. Мұнай-газ факторларының қазіргі заманғы геосаяси жүйеге деген әсері бірнеше себептерге ие:

- Географиялық: мұнай мен газ халықаралық шаруашылықта ең қажетті табиғи ресурс бола тұра, өзінің қорлары жағынан шекті. Бұл ресурстар әлемнің бірнеше ірі аймақтарында шоғырланады, сондықтан тек кейбір елдер ғана өзін-өзі осы ресурстармен толық қамтамасыз ете алады. Ең ірі тұтынушы елдерде ресурстардың болмауы бұл саладағы бәсекелестікті аңғартады.

- Экономикалық: шаруашылық пен өркениеттің бұл ресурстарға қолжетімділіксіз дамуының мүмкін еместігі. Мұнай және газ бизнесі кәсіпкерліктің ең ұтымды түрі болып табылады. Бұл тек жеке компанияларға ғана емес, сондай-ақ өзінің экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрақтылық жүйесін мұнай экспорты базасында құрған елдерге де байланысты. Мұнай-газ өндірісі ұлтаралық сипатқа ие – ол бүкіл дерлік әлем ауқымын ала тұра, елдердің шекаралары арқылы өтіп, олардың ұлттық мүдделерімен жиі санаспайды. Әлемдік экономикалық жағдайдың мұнай бағаларына тікелей тәуелділігі.

- Геосаяси: мұнай – бұл ең маңызды әскери-стратегиялық ресурс. Елдердің энергетика саласында мәселелерін мен басқа елдермен қарым-қатынастарын шешу өткен ғасырда қалыптасқан тәсілдер арқылы жүргізілуде. Мұнай мәселелерін күш қолданып шешу дәстүрі қазіргі кезде мұнай экспорттаушы аймақтардағы саяси тұрақсыздықты анықтап отыр. Мұнай геосаяси бағдарламалардың мақсаты да, құралы да бола алады. Мұнайдың көмегімен энергияны ірі тұтынушы елдерге де, мұнай экспорттаушы елдерге де әсер етуге болады [3].

Қазақстан экономикасы өзінің нарықтық экономикалық режимге өту жолында, трансұлттық корпорациялардың пайдалы қазбаларды игеруге қажетті ресурстары мен активтерін, сондай-ақ жаңа технологияларын пайдалану үшін Қазақстан Республикасы үкіметі 20 ғасырдың 90-шы жылдары көптеген келісімшарттарға қол қойып, сонымен қатар бірқатар заңдарды жария етті. Қазірде Қазақстан әлемнің мұнай өндіруші алдыңғы қатарлы елдердің құрамында бола тұра, көптеген елдердің энергетикалық қажеттіліктерін белгілі бір шамада қанағаттанырып отыр. Демек, Қазақстанның мұнайы бірқатар елдің экономикасына тікелей әсер етіп отыр. Ал экономика өз кезекте, жоғарыда айтылғандай, саясатпен тығыз байланыста.

Қазақстан бүкіләлемдік мұнай қорының 3%-на ие болып, мұнай қоры бойынша әлемде 15-шы орынды иеленеді. Еліміздің 62% аумағына орналасқан және 80-нен астамы игеріліп отырған 172 мұнай кен орындарын қамтиды. Мұнай қорларының 90%-дан астамы - Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ, Өзен, Жетібай, Жаңажол, Қаламқас, Кенкияқ, Қаражанбас, Құмкөл, Солтүстік Бозашы, Әлибекмола, Орталық және Шығыс Прорва, Кенбай, Королевское кен орындарына шоғырланған. Кен орындары Қазақстанның 14 облысының алтауында орналасқан. Олар Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Маңғыстау облыстары. Бұл ретте, көмірсутектері қорларының шамамен алғанда 70%-ы Қазақстанның батысында топтасқан [1].

Қазақстан Республикасы мұнай саласында Ресей, АҚШ, Италия, Ұлыбритания, Германия, Франция, Испания және Қытай компанияларымен ірі серіктестік-инвестициялық келісімшарттарға ие [2]. Бұл Қазақстан сыртқы экономикалық байланыстарын аталған елдермен ауқымды күшеюге жол береді. Елдердің арасында импорт және экспорттың көлемін жоғарылату мақсатында Қазақстан экономикасы бұл елдердің экономика субъектілерінің инвестициялық және сауда қызығушылықтарын тудыру керек, бұл ретте пайдалы қазбалар өзінің ерекше рөлін атқарады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының мұнай өндіруші басты аймағы - Каспий теңізі және оның алабы. 2000-жылы ашылған Қашаған мұнай кен орны қазірде әлемнің ең ірі мұнай мен газ кен орындарының ондығына кіріп, Италия, АҚШ, Испания, Қытай және Ресей компанияларының қатысуымен дамытылуда. Қашаған кен орны Қазақстан Республикасының Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі аумақтық суларында орналасып, шамамен 75 км / 45 км аумақты алып жатыр. Кен орнының барланған геологиялық мұнай қоры шамамен 4,5 миллиард тонна мұнайға бағаланады. Бұл кен орынды толықтай іске қосу нәтижесінде Қазақстан әлемнің ең ірі 5 мұнай экспорттаушы елдерінің қатарына кіреді [4].

Қазақстан мұнайын басты пайдаланушыларының арасында Ресей, Қытай және Еуроодақ елдері, сонымен қатар АҚШ. Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасының Қазақстан алдында Шанхай Ынтымақтастық ұйымы және басқа да түрлі халықаралық келісімшарттары негізінде белгілі бір саяси, экономикалық және әскери міндеттерге ие болса, АҚШ және Еуроодақ елдерінің Қазақстанмен жасалған ресми келісімдері геосаясаттық сипатқа ие болып, бұл елдердің Қазақстан, әсіресе Каспий аймағындағы мұнай көздеріне деген мүдделеріне тікелей байланысты. Қазіргі кезде Еуроодақ елдері жыл сайын Қазақстан мұнайын 220 миллион баррель шамасында импорттайды. Бұл ЕО мұнай импортының 5,60 % құрап, Ресей, Норвегия, Нигерия мен Сауд Арабиясынан кейінгі бесінші орынды иеленіп отыр [5]. Демек, жоғарыда айтылғандай, Қазақстан қолында ЕО елдеріне әсер ететін геосаяси мұнай құралы бар деп есептеуге болады. Бұның салдарынан бүгінде ЕО елдері мен Қазақстан арасында көптеген білім-беру, денсаулық сақтау және өндіріс салаларында келісімшарттары бар.

Америка Құрама Штаттары үшін Каспий мұнай аймағының Қазақстандық бөлігінің маңыздылығы Қашаған, Теңіз және Қарашығанақ кен орындарындағы АҚШ энергетикалық гиганттары ExxonMobil, Chevron компанияларының үлестері арқылы сипатталады. Қазіргі кезде АҚШ тұтынатын мұнайдың жылдық 3 миллиард баррельдің ішінде тек 5 миллионын Қазақстаннан тікелей импорттайтын болса, болашақта Қашаған кен орнының дамуымен қатар импорт үлесі де жоғарылайды. АҚШ энергетика министрлігінің болжамы бойынша 2030 жылға қарай жалпы мұнай мен газ импорты қазіргі 57%-дан 68%-ға артып, мұнай компанияларының қазіргі Қазақстан кен орындарындағы үлестерін энергетикалық қауіпсіздікті ұстау үшін қолдануы айқын. АҚШ 1974-1979 жылдардағы мұнай дағдарысынан кейін ірі ұлттық мұнай резервтерін құрып, энергетикалық қауіпсіздікке ауқымды назар аударуда [6]. Бұл өз кезегінде АҚШ болашақта Парсы шығанағымен бәсекелесе алатын Каспий мұнай алабында мүдделерін білдіруге бағыттайды.

Қазақстанның жоғары технологияларды қажет ететін тауарларын импорттайтын басты серіктестерінің бірі Қытай Халық Республикасы еліміздің мұнай қорларын көздеуді 1997 жылы Қытайдың CNPC компаниясы Ақтөбемұнайгаз компаниясының 61% акцияларын

сатып алудан бастады. Аталған компания Ақтөбе облысындағы Жаңажол және Кенкияк мұнай кен орындарын, яғни елдің мұнай өндірісінің 7,91% иеленуде [7]. Дегенмен, Қазақстан мұнайы ҚХР энергетикалық қауіпсіздікке айтарлықтай әсер етпейді: Қытай энергетикасының 70% астамын өз территориясында орналасқан көмір кен орындары қамтамасыз етеді. Бірақ, мұнайдың бай қасиеттеріне байланысты құрамынан 58 түрлі химиялық өнімдер шығатыны, және олардың Қытай экономикасы сияқты диверсификацияланған және заттарды өндеуге бағытталған шаруашылыққа қажет екені анық. 1997 жылдан бастап Қазақстан Республикасына Қытайдан келген тікелей инвестициялардың көлемі 22,57 миллиард доллардан асып, олардың басым бөлігі мұнай мен газ салаларына бағытталған [8]. Бұнын басты себебі – Қазақстан Республикасының Қытайдың жылдам өсіп жатқан экономикасы үшін табиғат ресурстарының қоржыны тәріздес рөлге ие болуы. Оған әсер ететін географиялық, геосаяси және экономикалық факторлар бар.

Қазақстан Ресей Федерациясымен қатар ҚХР-мен шекараласатын табиғат ресурстарына бай елдің бірі. Қазақстан аумағында ҚХР экономикасына қажетті барлығы дерлік пайдалы қазбалары бар және өндірілуде - мұнай, газ, алтын, хром, мыс және т.б. Сонымен қатар ресурстарды Қытайға тасымалдау қиынға соқпайды және қазірдің өзінде жүргізіліп отыр. Мысалға Атасу-Алашанькоу мұнай құбыры мен 2020 жылға дейін құруы жоспарланатын Бейнеу-Шымкент газ құбыры арқылы Шымкенттен Құлжаға тасымалдауға жоспарланған Үстірт-Бозашы алабының табиғи газы.

Қытайдың Қазақстандағы мүдделерінің 4 негізгі бағыты бар:

- Біріншіден, ең басты болып табылатын, ҚХР еліміздің бай энергетикалық ресурстарына деген қызығушылығы экономикасының жылдам өсімі мен мұнайға деген сұраныстың жыл сайын 4% өсуіне байланысты;
- Екіншіден, Синьцзян провинциясындағы этникалық және діни ұлтшылдықты басу үшін, Қазақстандағы ұйғырлар мен Қытайдағы қазақтардың белсенділігін төмендету мақсатында достық пен ынтымақтастық келісімшарттарын жасау;
- «Жаңа Жібек жолы» жобасын іске асыру;
- Қытай Қазақстандағы өзінің саяси және экономикалық мүдделерін сыртқы саяси бәсекелестерінен қорғау;

Энергетикалық және геосаяси қауіпсіздік Қытайды Қазақстан Республикасының жер қоры, географиялық орны мен табиғат ресурстарына белгілі бір шамада тәуелді етеді. Осыған орай ҚХР әскери доктринасында «стратегиялық шекара» және «тіршілік кеңістігі» деген терминдер пайда болды. А.Клименко жазғаны бойынша, қазіргі жаһандану үрдісі жағдайында өз елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық және ғылыми-технологиялық дамуына қолдана алатын «тіршілік кеңістігінің» белгілі бір өзіндік әсер ету зоналарына ие болу керек [9].

Қорыта айтқанда, Каспий теңізінің құқықтық статусы анықталғаннан бастап Қазақстан Республикасы өзінің былай да бай минералды-энергетикалық ресурстары базасын одан әрі үлкейтіп, әлемнің ірі энергетика тұтынушы елдердің геосаяси мүдделер қақтығысы сатысына қадам басты. Қазақстан аймақтық державалардың геосаяси ықпал ету ең маңызды зоналарының бірі болып табылғанына байланысты, әлемнің басқа энергетикалық орталықтардағы сияқты саяси тұрақсыздығы жағдайына тап болмайтыны анық. Сонымен қатар, Қазақстанның шикізатты өндіруші ел болып дами берудің де ұсынарлық шамалы. Реиндустриализация және инфрақұрылымдық даму, сондай-ақ экономиканың диверсификациясы күн тәртібінде тұр. Бұл ретте еліміз үшін ең қолайлы және ұтымды даму жолдарын мен инвестицияны тек энергетикалық салаға ғана емес, транспорт, өндеуші өнеркәсіпке құятын экономикалық серіктестермен келісімшарттар жасасқаны жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. www.kgmer.kz – “ҚазМұнайГаз” акционерлік қоғамының ресми интернет ресурсы.
2. www.energo.gov.kz – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет ресурсы.

3. Борис Владимирович Робинсон. Нефтегазовый фактор в мировой геополитической системе. Интерэксперто гео Сибирь. – 2012. - №3. Том 1
4. www.ncos.kz - Норт Каспиан Оперейтинг Компани ресми интернет ресурсы.
5. European Commission report: Volumes and prices for monthly and cumulative crude oil imports by country of origin (2013-2015).
6. The U.S. Energy Information Administration (EIA) report: US imports of total crude and oil products by country of origin for 28.2.2017.
7. www.cnpc-amg.kz - “СНПС-Актобемунайгаз” АО ресми интернет ресурсы.
8. Центр интеграционных исследований Евразийского банка развития: «Мониторинг прямых инвестиций России, Белоруссии, Казахстана и Украины в странах Евразии – 2014».
9. Клименко А. К вопросу об эволюции военной политики и военной доктрины Китая // Военная мысль. — М., 2005. — №2 (вып. 14). — С. 49.

УДК 911.52

ЛЕНТОЧНЫЙ СОСНОВЫЙ БОР ВКО КАК УНИКАЛЬНЫЙ ПРИРОДНЫЙ И ЛЕЧЕБНЫЙ РЕСУРС

Мубаракوف Рустем Габиденович

mubarakov.rustem@mail.ru

Студент ЕНУ им. Л. Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

Научный руководитель – профессор Джаналеева К. М., доцент Инкарова Ж. И.

Сосновые ленточные боры – уникальный природный объект, не имеющий аналогов в мире. Ленточные боры – это леса сосновые леса, тянущиеся полосами (5-40 км) по песчаным древнеаллювиальным отложениям. Распространены на юге Западной Сибири, в Алтайском крае, Новосибирской области Российской Федерации и на севере-востоке Республики Казахстан[1].




Рисунок 1. Космический снимок ленточных боров ВКО

Восточная часть Казахстана обладает редкими природными ресурсами, одним из которых является реликтовый ленточный сосновый бор. Реликтовый бор расположен в Бескарагайском и Бородулихинском районах Восточно-Казахстанской области. Вся его территория является особо охраняемой природной территорией и входит в состав ГПР «Семей орманы». С севера на юг бор протянулся на 100 километров, от границы с Алтайским краем до реки Иртыш в окрестностях Семипалатинска. Ширина бора на значительном протяжении составляет 8-10 км.